

## Әлихан ағама хат!

Мен өзімді таныдым қазақпын деп, өзгеменен дос болдым, бола берем, себебі мен жүрегі даласындай кең, анасындай жомарт даналардың ұрпағымын. Әлемде құрлық та бар су да бар бір отырып бір ішетін жер табылар, болмаса бөлісейік – бұл нағыз қазақ қасиеті. Қасиетті елімнің мейрамдары мерейлі, жиырма жылдық – жүз жылдықтар көбейді.

Бабалардың тілегі ғой, «тойымыз көп болсын!»-ның жалғасы. Ұлы елімнің егемендігіне 25 жылдық мерейлі тойы және осы дала елі үшін басын тауға да тасқа да соққан ұлы тұлғамыз Әлихан Бөкейханұлының 150 жылдығының тұспа тұс келуі - бұл думан ғой ірілі! Тамырымен тарихы тереңге бойлаған келер шағы жапырағындай жайқалса біздің алып бәйтерек еш дауылға қайыспасы мың атырап. Бұл елімді сан өлшемге сыйдыра алман себебі санның көрінісі шектеулі, ал елімнің даласы ұлаң-ғайыр шексіз жатыр. Алтай менен Каспийдің Оңтүстік пенен Солтүстіктің арасын елестетші қандай ғажап кеңістік! Бұл кеңістік талай батырларды, талай даналарды талай-талай қасиетті жандарды дүниеге әкелді. Ұлы хандарымыз Жәнібек пенен Керейден бастап батырдың да батылдардың жыры жырланып таусылмас. Өткен жылы ғана Еліміздің хандық болып құрылғанына, қазақ болып атанғанына 550 жыл толды. Бұл той тойына ұласып әлі келеді. Осы орайда қаншама шаралар ұйымдастырылып бастылары тарихи тамыры бар Тараз бастау алды. Еліміздің ордасы Астанамызда өз жалғасын тапқан болатын.

Әлихан ағамыздың еңбегі біздер үшін ұмыт қалған емес, қалмайды да. Бүгінгі күні көкірегімде бір сұрақ пайда болды. Жаратқаным, біздің бұл жарқын күнімізді, сол үшін алысқан бабаларымыздың рухы біліп, сезіп жүр ме екен? Қасым ағамыз айтқандай «қырда көрпе қымтап» қарап қуанып жатыр ма екен? Әли ағамыздың 150 жылдығы болған соң хат қылып жазып өртеп жібердім. Себебі хат қолда тұрып күлге айналады, жоққа айналады. Мүмкін ол біздің бабалар жүрген жаққа барар деген сеніммен өртедім, тым болмаса түтін болып жетсін ...

Ұлы бабаларымыз еліміздің қорғанысы үшін, кең даласы үшін қашанда қазықтай қақ тұрған. Сол бабалардың қанымен қазіргі заман майталмандарына сіңген бұл қасиет әрі де жалғасын таба бермегі хақ. «Менің жерім!» деген әр азамат оның астарында қандай қасиетті сезім жатқанын білетіні айғақ. Мен үшін елім деген ұғымға мен дүниеге келген күннен бастап қасымда болған әр нәрсе мен әр жанның бір-бірімен тығыз байланысқан жүйесі. Сол жүйені көз алдымнан жоғалтып алмау мен мәңгі күресуге дайынмын. Мүмкін бұл менің түпкірде жатқан патриоттық сезімім болар...